

Авариялық брони бар тұтынушыларды энергиямен жабдықтау қағидалары мен талаптарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 245 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 12 мамырда № 11025 тіркелді.

"Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 21-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 22.05.2023 № 184 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Авариялық брони бар тұтынушыларды энергиямен жабдықтау қағидалары мен талаптары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Электр энергетикасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін оны күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында жариялануын;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Энергетика министрі

В. Школьник

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

_____ Б.Сұлтанов
2015 жылғы " ____ " _____

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

_____ Е.Досаев
2015 жылғы " ____ " _____

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2015 жылғы 30 наурызда
№ 245 бұйрығымен
бекітілген

Авариялық брони бар тұтынушыларды энергиямен жабдықтау қағидалары мен талаптары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Авариялық брони бар тұтынушыларды энергиямен жабдықтау қағидалары мен талаптары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы "Электр энергетикасы туралы" Заңының (бұдан әрі – Заң) 21-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленген және авариялық брони бар тұтынушыларды энергиямен жабдықтау тәртібі мен талаптары тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) үздіксіз энергиямен жабдықтау объектілері (бұдан әрі – ҮЭО) - оларды ажыратып тастау адамдардың өліміне, тіршілікті қамтамасыз ету объектілері жұмысының бұзылуына, апаттық экологиялық, әлеуметтік немесе экономикалық зардаптарға апарып соғуы мүмкін, технологиялық себептеріне байланысты үздіксіз энергиямен жабдықтауды қажет ететін жеке және заңды жеке тұлғалардың шаруашылық инфрақұрылым объектілері;

2) электр энергетикасы объектілері жұмысының айрықша режимі - электр энергетикасы объектілерінде ірі технологиялық бұзылулар кезінде енгізілетін мәжбүрлі режим.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге де ұғымдар Қазақстан Республикасының электр энергетикасы және мемлекеттік мүлік саласындағы заңнамаларға сәйкес қолданылады.

2. Тұтынушыларды энергиямен жабдықтау тәртібі мен талаптары

Параграф 1. Авариялық бронмен қамтамасыз етілетін объектілер

3. Олар үшін авариялық бронның шамасы белгіленетін үздіксіз энергиямен жабдықтау объектілерінің тізбесіне мыналар кіреді:

- 1) мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін объектілер;
- 2) теле-радиокоммуникациялар;
- 3) сумен жабдықтау, кәріз және жылумен жабдықтау кәсіпорындары;
- 4) емдеу мекемелері;

5) олардың ұсталуы бюджетте көзделген өртке қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз ететін объектілер;

6) титан, магний және алюминий электролизі тәсілімен үздіксіз өндіретін металлургиялық кәсіпорындардың объектілері;

7) әуе қозғалысына қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін аэронавигациялық ұйым объектілері;

8) құс фабрикаларының объектілері;

9) феррохромдарды электр тәсілімен үздіксіз өндіретін ірі металлургиялық кәсіпорындардың объектілері.

Ескертпе: осы Қағидалардың 3-тармағының 9) тармақшасында көрсетілген, ҮЭО тізбесіне енгізілген объектілер үшін осы объектінің жүктемесін 2023 жылғы 1 қаңтарда қолданыста болатын көлемде жүктемені ажыратудың арнайы автоматикасына қосу сақталады.

Бұл ретте жүйелік оператор қажет болған жағдайда жүктемені ажыратудың арнайы автоматикасына қосылған жүктеме көлемін ұлғайту жағына қарай қайта қарайды.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 22.05.2023 № 184 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. ҮЭО тізбесіне қосу шарты объектінің сыртқы электрмен жабдықтау схемасы сенімділік дәрежесі бойынша электрмен жабдықтауы Заңның 5 бабы 19) тармақшасына сәйкес бекітілетін Электр қондырғыларын орнату қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкес келуі болып табылады.

5. Объектілер республикалық және жергілікті маңызы бар ҮЭО болып бөлінеді.

6. ҮЭО объектілерінің тізбесіне енгізілген әрбір объекті үшін энергиямен жабдықтаушы және (немесе) энергия беруші ұйымдар ҮЭО өкілімен бірлесе отырып, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 11 ақпандағы бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10510 тіркелген) белгіленген Электрмен жабдықтаудың авариялық және технологиялық брони актісін жасау жөніндегі нұсқаулықтарғы сәйкес авариялық бронның актісін жасайды.

Авариялық бронның актiсi электр энергетикасы саласында жетекшi уәкiлеттi органға және жергiлiктi атқарушы органға жiберiледi. Авариялық бронның актiсi энергиямен жабдықтау шартына және электр энергиясын беру шартына мiндеттi қосымша болып табылады.

7. Жергiлiктi атқарушы орган авариялық бронь актiлерiн алған соң тиiсiнше әрбiр өнiр үшiн авариялық бронды жабуға арналған қажеттi жиынтық электр қуатын айқындайды.

8. Әрбiр ҮЭО үшiн авариялық бронның шамаларын көрсете отырып, ҮЭО тiзбелерi жүйелiк операторға берiледi.

Параграф 2. ҮЭО үшiн электр энергиясын беру

9. Әрбiр ҮЭО қалыпты жұмыс iстеуi үшiн қажеттi көлемдегi электр энергиясын жеткiзудi энергиямен жабдықтаушы және энергия берушi ұйыммен ҮЭО екiжақты шарттың негiзiнде жүзеге асырады.

Шарт жасасу кезiнде:

1) мемлекеттiк мекемелер объектiсi болып табылатын ҮЭО энергиямен жабдықтаушы және энергия берушi ұйымға облыстық қаржы басқармасының осы ұйымның электр энергиясын тұтыну жөнiндегi шығыстарына бюджетте көзделген қаражаты туралы жазбаша растау бередi;

2) заңды немесе жеке тұлға объектiсi болып табылатын ҮЭО энергиямен жабдықтаушы және энергия берушi ұйымға Қазақстан Республикасының қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттiк реттеу, бақылау және қадағалау саласындағы заңнамасында белгiленген тәртiппен ресiмделген банкiлiк кепiлдеменi бередi.

Облыстық қаржы басқармасының жазбаша растауы және банкiлiк кепiлдеме энергиямен жабдықтауға және электр энергиясын беруге арналған шарттардың ажырамас бөлiгi болып табылады.

10. ҮЭО энергиямен жабдықтаушы ұйымның берген электр энергиясы үшiн шоттарына төлем жасамаған кезде, энергиямен жабдықтаушы және энергия берушi ұйым ҮЭО-ге электр энергиясын жеткiзудi авариялық бронь деңгейiне дейiн шектейдi, бұл туралы өзiнiң құрамында ҮЭО бар ұйымға кемiнде 15 (он бес) күнтiзбелiк күн бұрын ескертедi.

11. ҮЭО-ге электр энергиясы объектiлерi жұмысының айрықша режимi кезiнде электр энергиясын жеткiзу өнiрдiң авариялық бронын өтеу үшiн қажеттi электр энергиясы мөлшерiн ҮЭО үшiн жеткiзудi қамтамасыз ететiн энергия берушi ұйымдар әзiрлеген схемалар бойынша жүзеге асырылады.

Параграф 3. ҮЭО үшiн электр энергиясын беру бойынша есеп айырысу

12. ҮЭО үшін шарттар бойынша берілетін электр энергиясы үшін энергиямен жабдықтаушы ұйыммен есеп айырысулар Заңның 18-бабы 1-тармағына сәйкес жасалған екі жақты шарт негізінде жүргізіледі.

13. ҮЭО-нің электр энергетикасы объектілері жұмысының айрықша режимі кезеңіндегі авариялық бронды өтеуге тұтынылатын және (немесе) берілетін электр энергиясы үшін есеп айырысуларды электр энергиясын іс жүзінде беруші жеткізуші жүргізеді.

14. ҮЭО авариялық бронь деңгейіне дейін шектеу жағдайы туындаған кезде, авариялық бронь бойынша тұтынылған және (немесе) берілген электр энергиясы үшін есеп айырысулар:

мемлекеттік мекемелер үшін электр энергиясын тұтынуға арналған шығыстарда көзделген бюджеттік қаражаттың есебінен;

жеке немесе заңды тұлғалар үшін - жасасылған шарттардың және банкілік кепілдеменің шеңберінде жүзеге асырылады.